

**«Бала дауысы»
Ұлттық балалар ән конкурсын өткізу қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Бала дауысы» Ұлттық балалар ән конкурсын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 12-тармақшасына сәйкес әзірленген және «Бала дауысы» Ұлттық балалар ән конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін белгілейді.

2. Конкурс Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) өткізіледі.

2-тарау. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

3. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері:

- 1) жаңа балалар әндерін шығару арқылы балалардың музыкалық шығармашылығын жан-жақты насихаттау және дамыту;
- 2) орындаушы балалардың кәсіби шеберлігін арттыру;
- 3) музыкалық дарыны бар балаларды анықтап, қолдау көрсету, олардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға және болашақта олардың қабілеттерін дамыта түсуге көмектесу;
- 4) ән шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыру;
- 5) отансүйгіштікке тәрбиелеу, жалпы адами құндылықтарды қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту болып табылады.

3-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі

4. Конкурс бүкіл Қазақстан Республикасында 2021 жылғы 1 наурыздан бастап 1 қарашаға дейін өткізіледі.

5. Конкурсқа 8 жастан 12 жасқа дейін қоса алғанда жастағы балалар қатыса алады.

6. Конкурс 4 кезеңнен тұрады:

1) I кезең 2021 жылғы 1 наурыздан бастап 24 наурызға дейін – дайындық кезеңі – Конкурстың концепциясын әзірлеу, баспасөз релиздерін жазу, қашықтан іріктеу кезеңінің өткізілуі туралы анонстық роликтерді шығару, қашықтан іріктеу кезеңін өткізуге дайындау жүзеге асырылады;

2) II кезең 2021 жылғы 25 наурыздан бастап 15 мамырға дейін – қашықтан іріктеу кезеңі – қашықтан іріктеу кезеңінің өткізілуі туралы анонстық ролик телевизиялық арнаның эфирінде, www.baladauysy.kz Конкурстың

сайтына, SMM-да және баспасөз релизі ақпараттық жаңалықтар порталында орналастырылады.

Конкурса қатысу өтінімдерін қабылдау осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Конкурстың www.baladauysy.kz сайты арқылы жүзеге асырылады және электронды форматта туу туралы куәлік көшірмесі, қатысушы a-capella (музыкалық сүйемелдеусіз) түрінде немесе жазбаның сүйемелдеуімен «-» (минустық фонограмма) орындаған кез келген тілдегі және кез келген жанрдағы 1 (бір) ән композициясынан тұратын, ұзақтығы 4 минутқа дейін созылатын өнер көрсетуінің бейне түсірілімін қоса ұсынылады (бұдан әрі – Өтінім).

Берілген Өтінім осы тармақшаның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ұсынылған Өтінімдер қарастырылмайды.

Өтінім осы тармақшаның талаптарына сәйкес келген жағдайда ұсынылған Өтінімдердің «Бала дауысы» Ұлттық балалар ән конкурсының қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының (бұдан әрі – қашықтан іріктеу кезеңінің қазылар алқасы) бағалау межелеріне сәйкестігі қарастырылады. Қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының бағалау межелері осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген. Қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының құрамы осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген.

Бағалау межелеріне сәйкес келген жағдайда қашықтан іріктеу кезеңінің қазылар алқасы қашықтан іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және елордададан бір соьлдік қатысушы-орындаушыны анықтап, ол «финалис-қатысушы» мәртебесін және Конкурстың финалдық-жабылу кезеңінің дайындық кезеңіне және Конкурстың финалдық-жабылу кезеңіне қатысуға шақырту алады.

Шақырту алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде финалға қатысушының ата-анасы немесе оның заңды өкілдері «Бала дауысы» Ұлттық балалар ән конкурсын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) 2021bala@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жолдайды:

1) баланың туу туралы куәлігі (JPEG немесе PDF форматындағы электронды нысандағы түпнұсқаның скан. нұсқасы);

2) 1 фото (JPEG немесе PDF форматындағы электронды нысанда);

3) телевизиялық түсірілімге және оны эфирден көрсетуге, материалды Конкурстың Интернет желісіндегі ресми ресурстарына және бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыруға келісетіні туралы ерікті нысандағы келісім.

Финалға қатысушылардың және олармен еріп жүретін бір ата-ананың немесе заңды өкілдің финалдық-жабылу кезеңіне дайындыққа және финалдық-жабылу кезеңі өткізілетін жерге келіп-кету жол шығыны, сонымен қатар тамақтану мен тұру шығыны Министрліктің қаражаты есебінен өтеледі.

3) III кезең 2021 жылғы 16 мамырдан 5 қазанға дейін – финалдық-жабылу кезеңіне дайындық – вокалдық және әртістік шеберлік, хореография бойынша оқыту сабақтарын ұйымдастыру мен өтiзуден; ТВ, SMM, БАҚ арқылы конкурсты насихаттаудан; музыкалық безендіруден; реквизиттер мен бейне

контентті дайындаудан; полиграфиялық өнімді басып шығарудан; имидждік және концерттік костюмдерді тігуден; техникалық жасақтаудан және финалдық-жабылу кезеңі өткізілетін жерді жалға алудан тұрады.

4) IV кезең 2021 жылғы 6 қазаннан бастап 1 қарашаға дейін – финалдық-жабылу кезеңі – жаңа балалар әндері жинағының тұсаукесерін; конкурстың концерттік бағдарламасын және финалға қатысушылармен бірге өткізілетін Гала-концертті қамтиды, бұлар Нұр-Сұлтан қаласында өтеді.

7. Финалдық-жабылу кезеңінде Конкурс финалис-қатысушылар конкурстың концерттік бағдарламасының телевизиялық түсіріліміне қатысып, онда танымал композицияны сольдік түрде орындайды және Гала-концерттің түсіріліміне қатысып, тәлімгер әртіспен бірге қайсы бір композицияны орындайды.

Конкурстың Гран-при иегері мен Конкурстың лауреаттарын финалдық-жабылу кезеңінің қазылар алқасы анықтайды, оның құрамы осы Қағидалардың 16-тармақшасында белгіленген тәртіппен анықталады, телекөрермендер жүлдесінің иегерін көрермендер Конкурстың www.baladauysy.kz. ресми сайтында онлайн-дауыс беру жолымен анықтайды.

8. Барлық финалға қатысушылар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, сонымен қатар атаулы мүсіншелермен марапатталады.

Қашықтан іріктеу кезеңінің қорытындысына тәуелсіз барлық қатысушыларға Конкурстың логотипі бар электронды дипломдарды табыстау қарастырылған, бұл дипломдар қатысушылардың өз Өтінімдерінде көрсеткен жеке электронды мекенжайларына жолданады.

4-тарау. Ұйымдастыру комитеті

9. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес құрамда құрылады.

10. Ұйымдастыру комитеті Конкурсты өткізу мәселелері бойынша мүдделі ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

11. Ұйымдастыру комитеті Конкурсты ұйымдастыру және өткізу барысында туындайтын мәселелерді шешеді.

12. Конкурсты жарнамалау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз релиздерін, Конкурстың бағдарламаларын және ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да материалдарды ұсынады.

13. Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері: тел.: +7 (727) 229 25 77, +7 777 355 76 76, электронды пошта 2021bala@mail.ru.

5-тарау. Конкурстың қазылар алқасы және бағалау межелері

14. Қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының құрамын Министрлікпен қашықтан іріктеу кезеңі аяқталатын күнге дейін кемінде 5 (бес) күн бұрын келісіледі. Қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының құрамына кандидаттарды Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің бірі Министрліктің келісуіне ұсынады. Қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының мүшесі құрамына танымал эстрада әртісі немесе мәдениет және өнер саласындағы белгілі тұлға кіреді. Қазылар алқасы мүшелердің тақ санынан құрылады.

15. Қашықтан іріктеу кезеңінің қазылар алқасы Өтінімдерді іріктеп, қатысушыны финалдық-жабылу кезеңіне дайындыққа және финалдық-жабылу кезеңге қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының шешімі Өтінімді ашық талқылау арқылы қабылданады. Талқылау нәтижелері хаттамамен ресімделіп, оған қашықтан іріктеу кезеңі қазылар алқасының барлық мүшелері өз қолдарын қояды.

16. Конкурстың финалдық жабылу кезеңінің қазылар алқасы мүшелерін Министрлікпен конкурстың концерттік бағдарламасын өткізетін күнге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын келісіледі. Конкурстың финалдық жабылу кезеңінің қазылар алқасы құрамына кандидаттарды Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің бірі Министрліктің келісуіне ұсынады. Финалдық жабылу кезеңінің қазылар алқасының мүшесі құрамына танымал эстрада әртісі немесе мәдениет және өнер саласындағы белгілі тұлға кіреді. Қазылар алқасы мүшелердің тақ санынан құрылады.

17. Конкурстың финалдық-жабылу кезеңі қазылар алқасының шешімі балдық жүйені қолдана отырып, құпия дауыс беру арқылы қабылданады. Құпия дауыс беру нәтижелері хаттамамен ресімделіп, оған Конкурстың финалдық-жабылу кезеңі қазылар алқасының барлық мүшелері өз қолдарын қояды.

18. Қашықтан іріктеу кезеңінің қазылар алқасының бағалау межелері:

- 1) дыбыстардың таза орындалуы;
- 2) ырғақты сезіну;
- 3) дауыс әуезі мен күшінің сұлулығы;
- 4) әртістік өнер.

19. Конкурстың финалдық жабылу кезеңінің қазылар алқасының бағалау межелері:

- 1) дыбыстардың таза және сапалы орындалуы;
- 2) ырғақты сезіну;
- 3) дауыс әуезі мен күшінің сұлулығы;
- 4) музыкалық жады;
- 5) сахна мәдениеті;
- 6) орындаушылық шеберлік;
- 7) әртістік өнер;
- 8) хореографиялық дағдылар.

6-тарау. Конкурсты қаржыландыру

20. Конкурс «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2019 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған қаражат есебінен 033 «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» республикалық бюджеттік бағдарламасының 105 «Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шараларды өткізу» кіші бағдарламасы шеңберінде қаржыланады.

7-тарау. Қорытынды ереже

21. Осы Қағидалармен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТВ – теледидар;

SMM (ағылш. Social Media Marketing) – әлеуметтік медиа маркетингі

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары